

ӘОЖ 655.59

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАСПА ІСІНІҢ БАСТАУЛАРЫ

Амантай Жұлдыз Ағыбайқызы
Zhuldyz.amantai00@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің 4 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Т.І. Мәмесейіт

Қазақ кітабы қазіргі таңда аты әлемге танылған, өркениет пен мәдениеттің тамаша көрінісі. Таңғажайып көрініске айналған аты халық мәдениетінің дамуына зор ықпалын тигізіп келеді. Өзінің танымдық қызметін асқан шеберлік пен асқан шабытпен атқарып келе жатқалы біраз уақыт өтті. Сол бір уақыт аралығында небір кезеңнен өтіп, тарихи оқиғаны басынан өткерген. Ұлы қазақ ғұламаларынан, ақындары мен жырауларының, теңдесі жоқ ұл-қыздарынан ақыл-ойы мен абыройы, асқан зерделі еңбегі арқылы жарық көрген өлмес-өшпес кітаптар халқынан жүрегінен нәр құйып, биік-биік мақсаттарға жетелеуден бір танған емес.

Қоғамдық-саяси әдебиеттер Кеңес өкіметі тұсында білім беру ісін де дәріптеді. Бірақ, оның қазақ қоғамы үшін пайдасы шамалы еді. Сталиндік саясат тұсында ұлттық мәдениетімізге қысым жасалып, Алаш зиялылары шығармашылығына тосқауыл жасап, ұлттық мәдениеттің дамуына үлкен кедергі болғандықтан, әлемдік өркениеттен қазақ түгілі КСРО ның өзі артта қалғандықтан, аяғында келіп күйрегені белгілі. Кеңес үкіметінің баспа ісі саясатында сол кездегі көп әдебиеттердің идеялық мазмұны сай болды. Кеңес өкіметінің халыққа білім беру мен Қазақстанда баспа ісін ұйымдастыруда өз есебі болды, өйткені қазақ мектептерінің саны көп болды деп айту қиын, негізгі бағыт орыс тілінің шет аймақтарда

мәртебесін көтеру еді. Жоғары оқу орындарында қазақша факультеттер өз болды, ал техникалық мамандықтар факультеттерінің қазақшасы мүлдем жоқ еді. Баспадан шыққан қазақ кітаптары негізінен көркем әдебиеттер болса, техникалық әдебиеттердің қазақшасын айтпағанда орысшаның өзі аз болды. Қазақ қисса-дастандары, эпостардың бірнеше нұсқалары шықты. Оқырмандарың қызығушылығын оятып, жақсылық атаулыға шақыра отырып, мол еңбек етті. Ана тіліндегі мыңға жуық кітаптары ғылымның әр саласында жарық көре бастады. Бірінші сала қазақ ауыз әдебиетінің туындылары: ертегі-аңыздар, қиссалар, эпостық жырлар, айтыстар. Мұның ішінде Шығыс тақырыбын жырға өзек еткен қисса-дастандар да баршылық. Жалпы қазақ тілінде жарық көрген алғашқы кітап Сәйпүмәлік қиссасы 1807жылы Қазан гимназиясының баспаханасынан шығады. Бұл қисса – қазақ кітабының қарлығашы. Алайда, бұл еңбектен кейін қазақ баспа ісі біраз кідіріп қалды. Сол ғасырдың екінші жартысында қайтадан даму жолына түсті. Көптеген еңбектер жарық көре бастады. Жарық көрген еңбектердің бірі 1862 жылы, араб қарпымен жарияланған, Н.Ильминскийдің «Ер Тарғын» жыры болатын. Дәл осы жырды, В.Радлов орыс қарпымен қазақ тілінде бастырады. Сол уақыттан бастап, 1892 жылға дейін төрт рет басылып шығады. Мысалы: 1894 жылға дейін жарияланған «Қыз Жібек» 100мың дана болып, он үш рет басылған. «Айман-Шолпан»(1896), «Сал-сал»(1879), «Қасым Жомарт» (1897) атты он реттен басылған қиссаларды ерекше атап өтуге болады. 1861 жылы Қазан баспаханасынан аудармашы Н.Ильминскийдің құрастыруымен орыс-қазақ дала мектептеріне арналып, «Қазақтар үшін өздігінен сауат ашу оқулығы» дүниеге келген. Осы жылы автордың қазақ тілін үйрену үшін шығған «Ғылыми жазбалары» атты көмекші құралын ерекше атап өтуге болады. 1879 жылы Ы.Алтынсариннің «Қазақтарды орыс тіліне оқытудың бастапқы жетекшісі», «Қазақ хрестоматиясы», «Мәтубат», 1889 жылы жарық көрген «Түркістан өлкесі қырғыздары халық әдебиеті үлгілерінің жинағы» атты еңбектеріне ерекше назар аударуға болады.

Қазақ баспа ісін дамыту үшін, халқының көзін ашу үшін кітап шығару үшін өзге жұртқа қарады, Қазан, Уфа, Орынбор, Ташкент, Астрахань, Санкт-Петербург қалаларындағы жеке меншік баспаханалардың иелеріне иек артты. Өзімізде баспа және баспахана болмаған соң Абайдың «Өлеңдер жинағы» мен Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысал» кітабы 1909жылы Санкт-Петербург баспаханасынан шықты. Ал оның бергі жағында Ресейдегі кітап шығару ісінің біршама жетіліп келе жатқан сынайы бар еді. Қазақ кітабы бүгін атам-заманнан бері айтылып, айтыла-айтыла халық жадында жатталып келе жатқан және қанша заман өтіп, өмір ағыны қанша жаңарып, қабарып жатса да, ескіріп, мәнін жоғалтпайтын я тозып, өнінен айырылмайтын. Кітап біткеннің баршасы да, оның ішінде Қазақ кітабының дамуы да, сондай-сондай қиялардан өтіп, бүгінге жеткен. Сондай қияның бірі, тіпті бірегейі Патшалық өкіметтің отарлық саясаты еді. 1917 жылы Қазан төңкерісінен кейін тоталитарлық жүйенің үстемдігіне, қайшылықтарына қарамастан Қазақстанда халықтың мәдени деңгейін көтеру мақсатында білім саласында елеулі жұмыстар жүргізіле бастады. 1917 жылы 9-қарашада В.И Лениннің қол қоюымен Ресей Халық Комиссарлар Кеңесінің «Ағарту саласы бойынша мемлекеттік комиссияны бекіту» туралы декреті жарияланды. 11-қарашада Ф.В. Луначарский Кеңес үкіметінің атынан шыққан декретті қолдауға арналған үндеуін жариялады. Онда қысқа мерзім ішінде барлық жерлерде мектеп ашу арқылы сауатсыздықты жою, барлық азаматтар үшін бірыңғай мектептер ашу, елде міндетті және ақысыз білім беру жүйесін енгізу, бастауыш мектептердің материалдық жағдайын көтеру, мектептерге ұстаздар дайындау үшін педагогикалық жоғары оқу орындарын ашу, білім беру саласында қажетті қаржы бөлу мәселелері көрсетілді.

Ал, өзіміздің Қазақстанда кітап шығару ісі 1918-1919 жылдардан бастау алған. 1918 жылдың қазан айында Орда қаласында Төңкерісшіл комитет жанынан баспа бөлімі мен аудармашылар тобы жұмыс жасауды бастаған. Сол бөлімнің бірнеше секциялары болды. Олар: баспа секциясы, аударма секциясы, бұқаралық-ұйымдастыру секциялары. Баспа секциясының басшысы - драматург, ағартушы, қоғам қайраткері Ишанғали Меңдіханов. Ал, аударма секциясын қоғам және мемлекет қайраткері Сейітқали Меңдешов пен Хамин

Есенбаев басқарған. Бұқаралық-ұйымдастыру секциясына Тамамдар Сафиев жауапты болды. Дәл осы кезде, Орда қаласында «Шындық жолы» газеті мен «Мұғалім» атты журнал шыға бастаған. Көптеп жарық көрген плакаттар, кітапшалар мен листовкалар қазақ баспасының іргетасының қалануына зор ықпалын тигізді. Осы тұста баспасөзге басшылық еткен Төңкерісшіл комитет болатын. Әлеуметтік қамсыздандыру, халық ағарту бөлімі, денсаулық сақтау деген сияқты бөлімдермен қатар баспасөз туралы коллегия құрылды. Коллегия туралы Ереже бекітілді. Ереже бойынша оған:

А) баспалық жұмысқа және әскери- төңкерісшіл комитеттің бөлімдеріне идеялық және саяси басшылық ету;

Ә) редакторларды тағайындау

Б) редакциялық штатын бекіту

В) баспа жұмыстарының жлспарын жасау;

Г) жергілікті баспасөз органдарының жұмысын бақылап отыру. Осы аталған міндеттер жүктелген.

XVIII ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген, әрі ағартушы, әрі жазушы, әрі журналшы, әрі баспагер Николай Иванович Новиков, мәселен, Мәскеу қаласында баспахана, кітапхана, мектеп ашып, Ресейдің 16 қаласында кітап дүкендерін ұйымдастырған. Кейінгі ұрпақ Ахмет Байтұрсыновты елінің қамын ойлаған, ертеңі үшін күрескен тұлға деп біледі. Сондай-ақ Қазақ елінің Тұңғыш Баспагері ғана емес, Бас баспагері деген мәртебеге ие болған.

1920 жылғы қазанда Қазақстан Кеңесінің Құрылтай съезінде Халық ағарту Комиссариаты құрылады. Ал, 1920 жылдың қарашасында Қазақ Автономиялық Республикасының мемлекеттік баспасы ұйымдастырылып, 3-қарашада Қазақ Орталық Атқару Комитетінің кезекті мәжілісінде Ұлттық мемлекеттік баспа туралы ереже қабылданды. Сөйтіп, елімізде ең бірінші рет баспа ұйымы құрылады. Баспа қызметі Халық ағарту Комиссариатымен тығыз байланыста болды. Өйткені, Халық Ағарту Комиссариаты мектепке дейінгі, сырттай, бірыңғай, театрлық, музыкалық бейнелеу өнері мектептері үшін арнаулы оқулықтар мен әдебиеттер шығару мәселесін қолға алды. Ондағы, ұлттық әдебиеттер басылымы саласындағы негізгі бағытын РК(б) ОК ның 1924-жылы қабылданған «Баспасөз саласындағы партияның басты кезекті міндеттері» деп аталатын қаулысын анықтап берді. Қазақстан коммунистерінің 1924жылы 11-16 мамырда өткен конференциясында (Орынборда) РК (б) П ның Орталық комитеті партияның кезекті міндеттерін елгілей келіп, оның маңызын анықтап берді. Онда Қазақ мемлекеттік баспасының жұмысында орыс кітаптарын шығару және қайта шығаруды барынша қысқарту, бүкіл салмақты қазақ тіліндегі әдебиетті шығаруға аудару, маркстік әдебиеттер мен ауылға арналған жаратылыстану, ғылыми әдебиет, балалар әдебиеті мен мектеп оқулықтарын шығаруға аса көңіл бөлу, оқулықтардың мазмұнын қайта қарау, оқулықтарды қайта өңдеп шығару мәселелері қойылды. Сонымен қатар, қазақ әдебиетін шығару жөніндегі бүкіл баспа жұмысын Орынборда, Қазақ мемлекеттік баспасында шоғырландыру және баспа аппараттарын тиісінше дамытып, нығайту, көркем әдебиеттерді шығаруға РК (б) ОК нен арнайы қаржы бөліру қажеттілігі де баса айтылды. Халыққа білім беру ісі қолға алынғанда, кітап басып шығару мәселесі ерекше орын алады. Кеңес үкіметі халыққа білім беру ісін баспа ісімен қатар жүргізді.

Ғалым, педагог, қазақ журналистикасын қалыптастырушылардың бірі, тарих ғылымдарының докторы Қайыржан Бекхожиннің баспа ісінің даму жолдары мен тарих зерттеуде қосқан үлесі орасан зор. Бекхожиннің «Қазақ баспасөзінің даму жолдары» атты еңбегін оқи отырып, ғалымның еліміздегі баспа ісі мен полиграфияның дамуы туралы мәліметтерді жинақтап, тарихына шолу жасаған. Ғалым қазақ жерінде Кеңес өкіметі орнағанша полиграфия өндірісі болмағанын айта келіп, нақты мәліметтерді төмендегіше ұсынған: «1862-1917 жылдар арасында, яғни 55 жыл бойында қазақ тілінде небары 270 кітап шықты, олардың көлемі де, тиражы да өте шағын, мазмұны кедей, тақырып шеңбері тар болды. 1913 жылы 4 мың дана тиражбен небәрі 13 кітап шыққаны жайлы ақпарат береді.

Қорытындылай келе, баспа ісі небір тарихи оқиғалар мен қиын жағдайларға қарамастан, ілгері дамыды. Тек білім саласында ғана емес, халқымыздың өркениеті мен мәдениетінің дамуында да сара жолын салып кетті. Әсіресе, Орда қаласында ашылған баспа бөлімдері көптеген қазақ зиялыларының шығармаларын кеңінен насихатталған. Елімізде баспаханалар кейінірек ашылса да, қазақ тілінде біраз еңбектер жарық көрген. Қазақ баспа ісінің қай кезеңде болсын алар орны ерекше. Тарихи кезеңдерді басынан өткерген Қазақ баспасы ғылым мен білім жолында өшпес із қалдырды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Мәмесейіт Т. І. Баспа ісінің негіздері, Алматы, 2016.
2. Асанова Б. Кеңес өкіметі және баспа ісі. - Алматы: Қазығұрт, 2013.
3. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. - Алматы: Қазмембас, 1964 . -245-б.